

Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдарымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2006 жылғы» 2 тамыздағы N 300 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 5 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4332. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрии және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 32 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрии және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2012.02.01 № 32 бұйрығымен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдарымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Сәулет-құрылыс бақылауы мен инспекциялау басқармасы: осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілуін қамтамасыз етсін; мемлекеттік тіркеуден кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. "Қазақстан Республикасы құрылыс және сәулет-құрылыс бақылау органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 14 тамыздағы N 170 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 1658 болып тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2001 ж., N 36-37, ст.513) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төрағаның орынбасары А.Ұ.Қарамановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық істері комитеті
т ө р а ғ а с ы н ы ң
2006 жылғы 2 тамыздағы

N 300 бұйрығымен бекітілген

**Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы
органдарымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы
істерді жүргізу жөніндегі нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдарымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу жөніндегі нұсқаулық (әрі қарай - Нұсқаулық) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының

Кодексіне (әрі қарай - Кодекс) сәйкес әзірленген және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді анықтау мен қарау, сондай-ақ іс жүргізу мен қабылданған шешімдердің негізділігіне бақылау ұйымдастырудағы мемлекеттік сәулет-құрылыс органдары мен олардың лауазымды адамдарымен заңнаманың қолданылуын егжей-тегжейлі көрсетеді.

2. Құрылыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі мемлекеттік сәулет-құрылыс органдарының міндеттеріне әрбір істің мән-жайын уақытында, жан-жақты, толық және нақты анықтау, Кодекске сәйкес оның шешілуі, енгізілген қаулының орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықты ескерту мен тоқтату, құрылыстың сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жетілдіруге әсер ететін және күшейтуге бағытталған себептер мен шарттарды анықтау, пайдалану сенімділігін қамтамасыз ету жатады .

3. Мемлекеттік сәулет-құрылыс органдарының лауазымды адамдарымен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде әкімшілік іс жүргізу жөніндегі құжаттамалардағы сілтеме тек Кодекстің нормаларымен жүргізілуге тиіс.

**2. Әкімшілік құқық бұзушылық және
әкімшілік жауаптылық**

4. Жеке адамның Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

5. Мемлекеттік сәулет-құрылыс органдарымен анықталатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға мына құқық бұзушылықтар жатады жатады:

1) тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қатер төндіретін жобалау, іздестіру, құрылыс, мелиорация жұмыстарын және басқа да жұмыс түрлерін жүргізу (Кодекстің 130-бабы);

2) құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде аумақтарды бүлдіру (Кодекстің 230-бабы);

3) сәулет-құрылыс қызметі саласында заңнама мен мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұза отырып, жобалау алдындағы, іздестіру, жобалау, құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, құрылыс материалдарын, бөлшектері мен құрастырмаларын шығару мен қолдану (Кодекстің 231-бабы);

4) құрылыс-монтаж және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде бекітілген құрылыс нормаларының және жобалау құжаттарының талаптарын бұзу (Кодекстің 232-бабы);

5) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасынсыз объектілерді тұрғызу және қайта жаңғырту кезінде құрылыс, құрылыс-монтаж, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу (Кодекстің 233-бабы);

6) объектілерді тұрғызу және қайта жаңғырту, құрылыс материалдарын, бұйымдар мен құрастырмалар дайындау бойынша құрылыс-монтаж, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде нормативтік құжаттармен көзделген атқарушы техникалық құжаттамаларды ресімдеу ережелерін бұзу (Кодекстің 234-бабы);

7) белгіленген тәртіппен сараптамадан өткізілмеген немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу құқығына рұқсатсыз объектілерді салу, қайта жаңғырту және күрделі жөндеу (Кодекстің 235-бабы);

8) объектілер мен кешендерді пайдалануға берудің белгіленген тәртібін бұзу (Кодекстің 236-бабы);

9) заңсыз құрылыс (Кодекстің 237-бабы);

10) тұрғын үй-жайларды заңсыз қайта жабдықтау және қайта жоспарлау (Кодекстің 238-бабы);

11) белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізілмеген объектілер мен кешендерді пайдалану (Кодекстің 239-бабы);

12) су айдындарының жай-күйіне әсер ететін заңсыз құрылыс (Кодекстің 278-бабы);

13) орманның жай-күйіне және оны ұдайы молайтуға зиянды ықпал етуге

әкеп соғатын объектілерді салу және пайдалану (Кодекстің 291-бабы);
14) лицензиялау ережелері мен нормаларын бұзу (Кодекстің 357-2-бабы);
15) қалалар мен елді мекендердің аумақтарын көріктендіру ережелерін бұзу,
сондай-ақ қалалық инфрақұрылым объектілерін бұзу (Кодекстің 387-бабы);
16) байланыс құрылыстарын заңсыз салу (Кодекстің 499-бабы).

6. Әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс тұлғалар:

1) ақыл-есі дұрыс, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа
т о л ғ а н ж е к е а д а м ;

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында әкімшілік құқық
бұзушылық жасаған заңды тұлғалар.

Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы заңнамасынан, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында белгіленген мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерден ауытқуға жол бере әкімшілік құқық бұзушылық жасаған шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар және азаматтығы жоқ адамдар жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

7. Мемлекеттік сәулет-құрылыс органдарының лауазымды тұлғалары әкімшілік жауаптылыққа қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісті дәрежеде орындамауына байланысты әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мұндай мән-жайлар болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі лауазымды адам жалпы негіздерде жауаптылықта болуға тиіс.

3. Әкімшілік жаза және әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары

8. Әкімшілік жаза мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының лауазымды тұлғалары әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және осындай құқық бұзушылық жасаған адамның Кодексте көзделген құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе оларды шектеуге саяды.

9. Құрылыс саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жеке адамдарға мынадай әкімшілік жазалары қолданылуы мүмкін:

1) е с к е р т у ж а с а у ;

2) ә к і м ш і л і к а й ы п п ұ л с а л у ;

3) сәулет-құрылыс, қала құрылысы мен құрылыс саласында белгіленген бір қызмет түріне берілген лицензияның, арнайы рұқсаттың қолданылуын тоқтата
т ұ р у ;

4) өз бетімен салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып
т а с т а у .

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды тұлғаларға 1)-4)-тармақшаларында аталған әкімшілік жазалар, сондай-ақ сәулет-құрылыс, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласында заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу қолданылуы мүмкін.

10. Ескерту, әкімшілік айыппұл салу тек негізгі әкімшілік жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

Ескерту әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті құрылыс және сәулет-құрылыс бақылау органдарының (лауазымды адамның) жасалған құқық бұзушылыққа ресми түрде теріс баға беруінен және жеке немесе заңды тұлғаны құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол беруге болмайтындығы туралы сақтандырудан тұрады.

Ескерту жазбаша түрде жасалады.

11. Әкімшілік айыппұл (бұдан әрі - айыппұл) - құрылыс саласында әкімшілік құқық бұзушылық үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс органдарымен Кодекс баптарымен көзделген ретте және мөлшерде әкімшілік жаза қолдану кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сай келетін дәрежеде салынатын ақшалай жаза.

12. Айыппұл заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет кірісіне өндіріп алынады.

Сәулет-құрылыс, қала құрылысы мен құрылыс субъектісімен (әрі қарай - субъект) екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылыққа жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады.

Егер субъект бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасап, ол істерді бір судья, мемлекеттік сәулет-құрылыс органдарының лауазымды адамы қараса, бұл адамға белгілі бір түрдегі жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті бір мөлшерін жазаның осы түрі үшін осы Кодексте белгіленген үш еселенген ең жоғарғы шегінен асыруға болмайды.

13. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған адам әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап бір жылдың ішінде осы жазаға ұшырады деп есептеледі.

Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде адам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс.

Егер Кодекстің 69-бабының бірінші және үшінші бөліктерінде аталған мерзімдер аяқталғанға дейін адам жазадан әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолдану мерзімінің өтуіне үзіліс жасалады. Мұндай жағдайларда мерзімдерді есептеу жаза әкімшілік құқық бұзушылық анықталған кезден басталады.

Ескерту. Белгілі бір әрекеттің бірыңғай құрамының үздіксіз жүзеге асырылуымен сипатталатын және оны анықтаған кезде аяқталмаған құқық бұзушылық созылып кеткен құқық бұзушылық деп танылады.

4. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының өкілеттігі

14. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының органдары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізуді Кодекстің 33- 35-тарауларында белгіленген тәртіппен және шартта жүзеге асырады.

15. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға:

1) уәкілетті лауазымды адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін т і к е л е й а н ы қ т а у ы ;

2) құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түскен материалдар;

3) жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар себеп болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін негіздеме болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттама жасалған немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы прокурор қаулы шығарған кезден бастап әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған болып саналады.

16. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада (1-қосымша) оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні; іс қозғалған тұлға туралы мәліметтер; әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты мен мәні; Кодекстің ерекше бөлімінің аталған құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін бабы; егер олар бар болса, куәлардың аты-жөні, мекен-жайы; өзіне қатысты іс қозғалған жеке адамның не заңды тұлғаның заңды өкілінің түсініктемесі; егер ол әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау және көрсету кезінде пайдаланылса, метрологиялық тексерудің атауы, нөмірі, күні, техникалық құралдың айғақтары; істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ іс жүргізудің басқа да қатысушыларына олардың Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам және әкімшілік бұзушылық жасаған адам немесе заңды тұлғаның заңды өкілі қол

қояды. Куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайда хаттамаға
с о л а д а м д а р д а қ о л қ о я д ы .

Өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік берілуге тиіс. Аталған адамдар хаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме беруге және ескерту жасауға, сондай-ақ оған қол қоюдан өзінің бас тарту себебін баяндауға құқылы, олар осы хаттамаға қоса тіркеледі. Бұл адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға
т и і с т і ж а з б а ж а с а л а д ы .

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін, оның көшірмесі қолхат алынып, өздеріне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаға, заңды тұлғаның заңды өкіліне дереу тапсырылады.

17. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық жасалу фактісі ашылғаннан кейін дереу жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын, өзіне қатысты іс қозғалған жеке адамның өз басын немесе заңды тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлғаның заңды өкілінің жеке басын қосымша анықтау талап етілген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құқық бұзушылық анықталған кезден бастап үш тәулік ішінде жасалады.

18. Әкімшілік бұзушылық туралы хаттама қарау үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілдік берілген судьяға, органға (лауазымды адамға) жасалған кезден бастап үш тәулік ішінде жіберіледі.

19. Хаттаманы құқығы жоқ адам жасаған, хаттама дұрыс жасалмаған және істің басқа материалдары дұрыс ресімделмеген жағдайларда, сондай-ақ Кодекстің 646-бабының 4) тармақшасында көзделген өзге де жағдайларда хаттаманың және басқа материалдардың кемшіліктері оларды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы судья, орган (лауазымды адам) алған күннен бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде жойылады. Түзетілген хаттама және істің басқа материалдары оларға енгізілген өзгерістерімен қоса әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы судьяға, органға (лауазымды адамға) кемшіліктері жойылған күннен бастап бір тәулік ішінде қайта жіберіледі.

20. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының органдары Кодекстің 538 , 568-баптарына сәйкес Кодекстің 130 , 230 , 231 (бірінші бөлігімен), 234 , 235 (бірінші бөлігімен), 236 , 238 , 239 , 278 (екінші бөлігімен), 291 , 357-2 (бірінші бөлігімен), 387 , 499 баптарымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарайды.

21. Соттармен қаралатын Кодекстің 231 (екінші бөлігімен), 232 , 233 , 235 (екінші бөлігімен), 237 , 278 (бірінші бөлігімен) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама

мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдарының лауазымды тұлғалары:

1) республикалық маңызы бар құрылыс объектілері бойынша - мемлекеттік құрылыс инспекторларымен;

2) жергілікті маңызы бар құрылыс объектілері бойынша - ведомстволық бағынысты аумақтағы мемлекеттік құрылыс инспекторларымен жасалады.

22. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) республикалық маңызы бар құрылыс объектілері бойынша - Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы мен оның орынбасарлары;

2) жергілікті маңызы бар құрылыс объектілері бойынша - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мемлекеттік құрылыс инспекторлары құқылы.

23. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша қаралады.

24. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды тұлғасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға әзірлеу кезінде мына мәселелерді:

1) бұл істі қарау өзінің құзыретіне жататынын;

2) бұл істі лауазымды адамның қарау мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың болуын;

3) Кодексте көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен басқа хаттамалардың дұрыс жасалғанын, сондай-ақ істің өзге де материалдарының дұрыс ресімделгенін;

4) іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлардың, сондай-ақ адамды әкімшілік жауапқа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болуын;

5) өтініштердің және бас тартудың болуын;

6) осы Кодекстің 584 - 588-баптарында аталған адамдарға іс қаралатын орын мен уақыт туралы хабарланғанын анықтайды.

25. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды тұлғасы, егер ол адам:

1) жауапқа тартылып отырған адамның немесе жәбірленушінің, олардың заңды өкілдерінің, қорғаушысының немесе өкілінің туысы болса;

2) істің шешілуіне жеке басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса, бұл істі қарай алмайды.

Нұсқаулықтың осы тармағында көзделген мән-жайлар болған кезде мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды тұлғалары өзінің бас тартатыны туралы мәлімдеуге міндетті.

Нұсқаулықтың осы тармағында көзделген мән-жайлар болған кезде өзі

жөнінде іс жүргізіліп жатқан адам, жәбірленуші, жеке және заңды тұлғаның заңды өкілдері, қорғаушысы мен өкілі, прокурор мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды тұлғаларынан бас тартатындығын мәлімдеуге құқылы.

Өздігінен бас тарту, олардан бас тарту туралы мәлімдеме мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының жоғары тұрған лауазымды адамына беріледі, ол оны түскен күннен бастап бір тәулік ішінде қарап, мәлімдемені қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

26. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды тұлғасы мынадай шешім қабылдайды:

- 1) істі қарайтын уақыт пен орын тағайындау туралы;
- 2) іс бойынша адамдарды шақыру, қажетті қосымша материалдарды сұрап алдыру туралы;
- 3) істі қарауды кейінге қалдыру туралы;
- 4) құқығы жоқ адамдар хаттама жасаған және істің басқа материалдарын ресімдеген, хаттама дұрыс жасалмаған және істің басқа материалдары дұрыс ресімделмеген не тапсырылған материалдар толық болмаған, істі қарау кезінде оны толықтыру мүмкін емес жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын хаттама жасаған органға (лауазымды адамға) кері қайтару туралы;
- 5) егер бұл істі қарау өзінің құзыретіне жатпаса не судьядан, лауазымды адамнан бас тарту туралы ұйғарым шығарылса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын ведомстволық бағыныстылық бойынша қарауға беру туралы;
- 6) Кодекстің 642-бабына сәйкес істі мәні бойынша қарауға беру туралы;
- 7) Кодекстің 580 - 581-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде іс жүргізуді қысқарту туралы.

27. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер істі қарауға құқылы органмен (лауазымды адаммен) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын алған күннен бастап он бес күн мерзімде қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысушылардан өтініштер түскен жағдайда не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажет болған кезде істің қаралу мерзімін істі қараушы орган (лауазымды адам) бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

28. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды тұлғалары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауды Кодекстің 648-бабында көзделген өздерінің өкілеттіктері шегінде жүргізеді.

29. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының уәкілетті лауазымды тұлғасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап мына қаулылардың бірін шығарады:

- 1) әкімшілік жаза қолдану туралы;
- 2) іс жүргізуді қысқарту туралы;
- 3) істі осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін өзге түрде немесе мөлшерде жаза қолдануға құқылы лауазымды адамның қарауына беру туралы.

30. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыда (2-қосымша):

- 1) қаулыны шығарған мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды адамының лауазымы, аты-жөні;
- 2) істің қаралған күні мен орны;
- 3) өзіне қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер;
- 4) қаралатын іс бойынша іс жүргізу тілі;
- 5) Кодекстің әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін бабы;
- 6) істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар;
- 7) іс бойынша шешім;
- 8) қаулыға шағым беру тәртібі мен мерзімі көрсетілуге тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы дәлелді болуы тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға қаулы шығарған мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды адамы қол қояды.

31. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы іс қаралып біткен соң дереу хабарланады.

Қаулының көшірмесі өзі арнап шығарылған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ олардың сұрауы бойынша жәбірленушіге, жеке адамның заңды өкіліне дереу тапсырылады. Аталған адамдар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі.

32. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды тұлғасы әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтаған кезде тиісті ұйымға және лауазымды адамдарға оларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныс енгізеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға Кодекспен көзделген тәртіппен мүдделі тұлғалар шағым бере алады, сондай-ақ прокурор наразылық келтіре алады.

5. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуы

33. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, егер оған шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, шағым беру үшін белгіленген мерзім біткеннен кейін ;

2) шағым, наразылық бойынша ұйғарым шығарылғаннан кейін дереу, сондай-ақ Кодекстің 664-бабында көзделген жағдайда қаулы шығарылғаннан кейін заңды күшіне енеді .

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы ол заңды күшіне енген сәттен бастап орындалуға жатады.

34. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауға жолдау қаулы шығарған мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды адамына жүктеледі .

Қаулы оны орындайтын органға (лауазымды адамға) ол заңды күшіне енген күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі.

35. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны Кодексте белгіленген тәртіппен уәкілетті органдар орындайды.

36. Ескерту түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны Кодекстің 652-бабына сәйкес қаулының көшірмесін тапсыру немесе жіберу жолымен қаулыны шығарған мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының лауазымды адамы орындайды.

37. Әкімшілік жауапқа тартылған адам айыппұлды әкімшілік айыппұл салу туралы қаулының заңды күшіне енген күнінен не Кодекстің 701-бабында көзделген кейінге қалдыру мерзімі өткен күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуге тиіс .

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салынған айыппұлды мемлекеттік бюджетке белгіленген тәртіппен жеке адам енгізеді немесе заңды тұлға аударды .

Жеке адамға және заңды тұлғаға айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындау Кодекстің 708 , 709-баптарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Айыппұл салу туралы айыппұл жазасы толық жүргізілген қаулы оның орындалғаны туралы белгі қойылып, қаулыны шығарған органға (лауазымды адамға) қайтарылады.

6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөнінде іс жүргізу

38. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар Кодекстің 635-бабының талаптарына сәйкес жасалады.

39. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының басшылары бланкілерді уақытында дайындауды және алуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды сақтау және мақсат бойынша пайдалану үшін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

40. Әкімшілік жауапқа тартылатын құқық бұзушыларға жасалған хаттаманың, актінің журналдары мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының басшысының бұйрығымен белгіленген жауапты адамда сақталуға тиіс және бау өткізілуге, нөмірленуге және сол органның мөрімен бекітілуге тиіс. V095855

41. Іс жүргізу мен есеп жүргізудің жай-күйі үшін жауапкершілік тиісті мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органының басшысына жүктеледі.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс
инспекциясы органдарымен
әкімшілік құқық бұзушылық
туралы істерді жүргізу
жөніндегі нұсқаулыққа

1-қосымша

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

хаттама

_____» _____ 200 ____ жыл
(жасалған жері)

Менімен _____

(хаттаманы жасаған мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органы

_____ қызметкерінің қызметі мен аты-жөні)

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының
Кодексінің (әрі қарай - ӘҚБК) 636-бабының негізінде

(әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға туралы мәліметтер)
қатысты осы хаттама жасалынды

А Н Ы Қ Т А Д Ы М :

(әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған жері, уақыты мен мәні)
аталған бұзушылықтар ӘҚБК _____ баптарына
сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

ӘҚБК 584-бабына сәйкес өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктеме беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш және қарсылық мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, іс қаралғанда ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге, егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашының қызметін пайдалануға; іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуына, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және іс жөніндегі қаулыға шағымдануға, сондай-ақ өзіне ӘҚБК берілген өзге де іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқылы.

Жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің түсіндірмесі:

Жоғарыда аталғанның негізінде ӘҚБК 640-бабына сәйкес осы хаттама қосымша материалдармен бірге әкімшілік жаза қолдану үшін

(әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын сот, уәкілді орган _____ жіберіледі.

(лауазымды тұлға)

Хаттаманы _____
(мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органы _____)
жасады.

қызметкерінің қолы мен аты-жөні)

Х а т т а м а м е н

т а н ы с т ы м :

(жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің қолы)

Хаттамаға ескертулер мен толықтырулар жоқ (бар)

(жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің қолы)

Хаттама куәлардың (куәгерлердің) қатысуымен жасалынды:

1. _____
2. _____

(куәлардың (куәгерлердің) аты-жөні мен адресі)

ӘҚБК 594 , 595-бабына сәйкес куәлардың (куәгерлердің) құқықтары мен міндеттері таныстырылды:

1. _____
2. _____

(куәлардың (куәгерлердің) қолы)

Хаттаманың көшірмесі алынды, құқықтар мен міндеттер түсіндірілді:

(жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің қолы)

Х а т т а м а ғ а қ о с ы м ш а :

(қосымша материалдардың атауы)

Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы
органдарымен әкімшілік құқық бұзушылық
туралы істерді жүргізу жөніндегі
н ұ с қ а у л ы қ қ а

2-қосымша

**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша
қаулы**

«___» _____ 200 __ жыл

(іс қаралған жер)

Менімен _____

(лауазымды тұлғаның қызметі мен аты-жөні)

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының
Кодексінің (әрі қарай - ӘҚБК) 568-бабының негізінде

(әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға туралы мәліметтер)
қатысты жасалынған _____ хаттама
(хаттаманың жасалынған уақыты, сериясы мен N)
_____ каралды.

(әкімшілік құқық бұзушылық туралы қосымша материалдар)
Қаралатын іс бойынша іс жүргізу тілі болып _____ белгіленді.

А Н Ы Қ Т А Л Ғ А Н Ы :

(істі қарау барысында анықталған мән-жайлар мен әкімшілік құқық
бұзушылыққа жауаптылық белгілейтін ӘҚБК бабы)
ӘҚБК 650-бабына сәйкес

ШЕШІМ ЕТТІМ:

(өзіне қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер)

(әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау нәтижесінде

қабылданған шешім)

ӘҚБК 655 пен 657-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға қаулы көшірмесі тапсырылған күннен бастап он күн ішінде, ал егер осы Кодекстің 584 - 588-баптарында аталған адамдар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе орган (лауазымды адам) тұрған жер бойынша мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа шағым беріліп, наразылық келтірілуі мүмкін.

Ескерту: ӘҚБК 707-бабымен көзделген мерзім өткеннен кейін құқық бұзушыға ӘҚБК 708 , 709-баптарында көзделген шаралар қ о л д а н ы л а д ы .

(қаулыны шығарған лауазымды тұлғаның аты-жөні, қызметі, қолы)
Қаулының көшірмесі алынды, құқықтар мен міндеттер түсіндірілді:

(жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК